ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАСТВЕННОГО АУДИТА

ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

030010, Актөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40
тел: 54-59-08, факс 54-69-50

030010, город Актобе, проспект Абилкайыр-хана, 40
тел: 54-59-08, факс 54-69-50

2018 жылғы «04» маусым
№ 09-08 / 1827

ИП КББ корпорациясы

kaz001-13@mail.ru

2018 жылғы 24 мамырдағы ИП КББ корпорациясының №14876 веб-порталдағы шағым хатына Ақтөбе облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті №2503193-1 «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№9 орта мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің терезе жақтауларын ағымдағы жөндеу жұмыстары» ашық конкурсы бойынша:

Шағым хатта конкурстық комиссияның №2238683 қорытындылар туралы хаттамасындағы әлеуетті өнім беруші «Алихан ойл 3» ЖШС-іне есептеген шартты жеңілдігі бойынша ұпайға келіспейтіндігі баяндалған. Конкурстық комиссия «Алихан ойл 3» ЖШС-нің 10 жыл жұмыс тәжірибесіне 10%, әлеуетті өнім берушіде ұлттық стандартқа сапа менеджменті жүйесінің сәйкестігін растайтын құжаты үшін 2%, әлеуетті өнім берушіде ұлттық стандартқа экологиялық менеджмент жүйесінің сәйкестігін растайтын құжаты үшін 1% есептеген, жалпы шартты жеңілдіктер мөлшері – 13%-ды құрайды.

Конкурстық комиссияның бұл шешімі ҚР Қаржы министрінің 2015 жылдың 11 желтоқсанындағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 155, 156, 157-тармақтарының *«155. Егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Осы*

өлшемшарттың конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері он пайыздан аспайды.

156. Егер әлеуетті өнім берушіде ұсынылатын тауарлардың Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарына ерікті түрде сәйкестігін растайтын, Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес берілген құжат болған кезде, конкурстық комиссия екі пайыз (2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

157. Егер әлеуетті өнім берушіде сапа менеджменті жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігін растайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылған тауарларды өндірушіге, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді орындаушыға берілген құжат болған кезде, конкурстық комиссия екі пайыз (2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді» талаптарына сәйкес заңды болып табылады.

Демек, конкурстық комиссия әлеуетті өнім беруші «Алихан ойл 3» ЖШС-нің конкурстық өтініміне 13% мөлшерінде шартты жеңілдікті заңды есептеген.

Егер де Сіз шағым бойынша берілген жауапқа қанағаттанбаған жағдайда ҚР 2007 жылғы 12 қаңтарындағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12, 14 – баптарына сәйкес жоғарыда тұрған ұйымға немесе сотқа шағымдануға құқылы екендігіңізді есіңізге саламыз.

Департамент басшысының
орынбасары **Қ.М.Рахметов**

Ж.Ералина
Тел:54-41-76